

ТІЛ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКА
ЯЗЫК И ЛИНГВИСТИКА
LANGUAGE AND LINGUISTICS

FTAXA 16.21.51

DOI: <https://doi.org/10.62724/202530201>

Токполатова Таңшолпан Бақытқызы¹

PhD докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент,
Қазақстан, ms.tokpolatova_93@list.ru, ORCID ID: 0009-0004-7711-517X

Боранбаев Сандыбай Режепович²

Филология ғылымдарының докторы, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университеті, Шымкент, Қазақстан, sandybai60@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-5596-
737X

Амирова Гаухар Оразбаевна^{*3}

PhD доктор, аға оқытушы, М.Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық
институты, Шымкент, Қазақстан, gaухar1316@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0002-9148-6928

**ӘЗ-ЗАМАХШАРИДІҢ «МУКАДДИМАТ ӘЛ-АДАБ» ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ
ТЕРМИН СӨЗДЕР**

Аңдатпа. Бұл зерттеу жұмысында әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» еңбегінде кездесетін термин сөздердің жасалу ерекшеліктері талқыланады. Басқа да орта ғасырлардағы жәдігерліктер сияқты «Мукаддимат әл-Адаб» сөздік қоры қазіргі түркі тілдеріне ортақ және кірме сөздерден тұрады. Біздің зерттеу нысанымызға айналған термин сөздер тіліміздің төл лексикасымен қатар, кірме сөздерден де тұрады. Кейбір термин сөздер дыбыстық өзгеріске түспей қалпын сақтаса, ал ендігі біреулері дыбыстық өзгеріске ұшырап, семантикалық ерекшелік арқылы ажыратылады. Қолжазба тілінде араб және парсы тілінен енген термин сөздер жиі кездеседі.

Мақаланың мақсаты – ескерткіш тілінде кездесетін термин сөздердің жасалу ерекшелігін анықтау, мағыналық ерекшелігін нақтылау. Анықталған термин сөздерді мағыналық ерекшелігіне қарай тақырыптық топтарға бөлу. Термин сөздердің жасалу жолын қарастыру.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы – ескерткіш тілінде кездесетін термин сөздерді тұлғалық және мағыналық ерекшелігін анықтау. Термин сөздердің жасалу ерекшеліктері қарастырылады. Кейбір фонетикалық өзгеріске ұшыраған термин сөздердің түпнұсқасы анықталады. Олар өзара салыстырылып, тұлғалық негізі ажыратылады.

Жұмысты тілдік талдауда жинақтау, сипаттау, салыстыру және топтау әдістері қолданылды. Ескерткіш тілінде кездесетін термин сөздердің жасалу жолы мен қолданылу аясы талқыланды.

Зерттеуіміздің нәтижесінде алынған тұжырымдар термин сөздердің этимологиясын анықтауда маңызы зор.

Кілт сөздер. Замахшари, термин сөздер, ескерткіш, орта ғасыр, сөздік, этимология, мағына, кірме сөздер.

Токполатова Таншолпан Бакытовна¹

Докторант PhD, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент,
Казахстан, ms.tokpolatova_93@list.ru, ORCID ID: 0009-0004-7711-517X

Боранбаев Сандыбай Реджепович²

Доктор филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет им. М.
Ауэзова, Шымкент, Казахстан, sandybai60@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-5596-737X

Амирова Гаухар Оразбаевна^{*3}

Доктор PhD, старший преподаватель, Южно-Казахстанский гуманитарный институт
им. М. Сапарбаева, Шымкент, Казахстан, gaухar1316@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0002-9148-6928

ТЕРМИН В ПАМЯТНИКЕ АЗ-ЗАМАХШАРИ «МУКАДДИМАТ АЛЬ-АДАБ»

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности формирования терминов, встречающихся в труде аз-Замахшари «Мукаддимат аль-Адаб». Подобно другим произведениям средневековья, лексика «Мукаддимат аль-Адаб» состоит из общеупотребительных тюркских и заимствованных слов. Термины, ставшие объектом нашего исследования, включают как исконные слова тюркского языка, так и заимствования. Некоторые из них сохранились без фонетических изменений, тогда как другие претерпели звуковые трансформации и отличаются семантическими особенностями. В языке рукописи часто встречаются термины, заимствованные из арабского и персидского языков.

Цель статьи – выявить особенности образования терминов, встречающихся в языке памятника, уточнить их семантические характеристики. Определённые термины классифицируются по тематическим группам в зависимости от их значения. Также рассматриваются способы их словообразования.

Научная значимость статьи заключается в выявлении формальных и семантических особенностей терминов, представленных в языке произведения. Исследуются способы их образования, устанавливаются оригинальные формы некоторых терминов, подвергшихся фонетическим изменениям. Они сопоставляются между собой, выделяются их морфологические основы.

В ходе исследования применялись описательные, классификационные и сравнительные методы анализа и обобщения информации. Также рассматривается семантическое проявление и сфера употребления слов в современном мире.

Выводы, полученные в результате исследования, имеют практическое значение при составлении словарей тюркских слов.

Ключевые слова. Замахшари, термин слова, Памятник, средневековье, словарь, этимология, значение, входные слова.

Tokpolatova Tansholpan Bakytova¹

PhD student, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan,
ms.tokpolatova_93@list.ru, ORCID ID: 0009-0004-7711-517X

Boranbayev Sandybai Rejepovich²

Doctor of Philology, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University,
Shymkent, Kazakhstan, sandybai60@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-5596-737X

Amirova Gaukhar Orazbaevna^{*3}

PhD, Senior Lecturer, South Kazakhstan Humanitarian Institute named after M. Saparbayev,
Shymkent, Kazakhstan, gauhar1316@mail.ru,

ORCID ID: 0000-0002-9148-6928

TERM WORDS IN THE MONUMENT «MUKADDIMAT AL-ADAB» BY AZ-ZAMAKHSHARI

Abstract. This article analyzes the features of the formation of the terms in the work of Al-Zamakhshari "Mukaddimat Al-Adab". Like other monuments of the Middle Ages, the vocabulary of "Muqaddimat Al-Adab" consists of common words and borrowings modern Turkic languages. Some terms retain their position without sound changes, while others undergo sound changes and are distinguished by semantic specificity. There are many term words from Arabic and Persian in handwritten language.

The purpose of the article is to identify the specifics of the formation of term words found in the language of the monument, to clarify the semantic specificity. Divide the defined term words into thematic groups according to their semantic specificity. Consider the way of wordformation.

The scientific significance of the article is to determine the personality and semantic specificity of the term words found in the language of the monument. The features of the formation of term words are considered. A term that has undergone some phonetic change is determined by the origin of the words. They are compared among themselves, and the basis of personality is distinguished.

The descriptive, grouping and comparative methods of analysis and accumulation of information were used in this article. The semantic expression and scope words' usage are analyzed.

The conclusions obtained as a result of the research work are of practical importance in compiling a dictionary of Turkic words.

Key words. Zamakhshari, borrowing words, monument, Middle Ages, dictionary, etymology, meaning, input words.

Кіріспе. Орта ғасырда Орта Азияда білім мен өркениет үшін араб тілі қызмет етті. Осы кезеңде жазылған маңызды қолжазбаның бірі – Замхшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» еңбегі. Қолжазбадан сол дәуірдің ғылымы мен білімін, тарихы мен тұрмысын, мәдениеті мен өнерін аңғару қиын емес. Орта ғасырда ғылыммен айналысқан ғалымдар бірнеше тілді еркін меңгеріп, басқа да салалармен жүйелі түрде айналысып отырды. Осындай ортада өмір сүрген Замахшари де ғылымның түрлі саласымен айналысқан. Ғалым тіл білімі, философия, әдебиеттану ғылымдарына елеулі үлес қосты.

Болашақ ғалым Хорезм аумағының Замахшар қаласында 1075 жылы дүниеге келген. 1100-1139 жылдары Дамаск, Сирия, Арабия, Иран, Йемен қалаларына барып, тың мәлімет жинаған. Бірнеше елде болған сапарының нәтижесінде, ғылымның біраз бөлігіне үлкен серпіліс ала келді. Әлем әдебиетімен танысып, ғылыми тынысын аша түсті. Ғалым Мекке қаласында болып, көптеген шығармаларын жазған. Осы сапарында «Әл-

Муфассал» атты грамматикалық еңбегін аяқтап келді. Автордың пікірінше, бұл шығарма араб тілінің грамматикасына сараптама жасалған құнды мұра.

Біздің зерттеу нысанымыз – «Мукаддимат әл-Адаб» еңбегінің термин сөздері. Термин сөздер – барлық тілдің лексикасында кездесетін қабат. Термин сөздер өзінің анықтылығымен, нақтылығымен ерекшеленеді. Термин сөздерге бір мағыналық тән. Нағыз терминдер көп мағыналылықтан аулақ болатыны секілді әр уақыт экспрессивтілік пен эмоционалдылықтан да ада болады. Олар ғылым мен өмірдің барлық саласында кездесетін арнаулы лексиканың тармағы. Қолжазба тілінің термин сөздерінің жасалу жолын анықтау арқылы қазіргі тіліміздегі термин сөздердің даму, қалыптасу тарихын біле аламыз. Тіліміздегі термин сөздердің этимологиясын анықтау, терминжасам саласы үшін маңызды болмақ.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Орта ғасырлық құнды мұра әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл Адаб» ескерткіші бірнеше данада сақталған төрт тілді сөздік. Түркия, Өзбекстан, Ресей, Еуропа секілді тарихи жәдігерліктер кеңінен сақталған елдерде жәдігерліктің әр дәуірде жинақталған, көшірілген нұсқалары бар. Ең көне нұсқасы Түркияның Сүлеймания қорында сақталған. Көлемді нұсқасының бірі Өзбекстан Республикасының Ә.Навои атындағы мемлекеттік әдеби мұражайында сақтаулы тұр.

Жәдігерлікті алғаш зерттеген – Н.Н.Поппе. Ғалым 1938 жылы сөздікке қатысты монғол және түркі тілі мен транскрипциясына қатысты зерттеуін жариялады. Ескерткіш тіліне қатысты фонетикалық, морфологиялық талдау жүргізіп, монғол, араб, түркі және орыс тіліндегі нұсқасын ұсынды.

Біз бұл мақаламызда ескерткіш тілінде кездесетін термин сөздерді жүйелеп, жасалу жолын анықтадық. Термин сөздерді анықтау барысында сипаттау, топтау салыстыру әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен оларды талқылау. Тілімізде ғылым мен өндірістің, шаруашылықтың, дипломатияның, өнердің, әдебиет пен мәдениеттің әр саласында арнаулы мәнде қолданылатын сөздер бар. Арнаулы лексиканың маңызды бір саласы – термин сөздер. Орта ғасырлық құнды мұра әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тілінде де термин сөздер кездеседі. Термин сөздер әдеби тілге жататын лексика құрамының бір қабаты болып табылады. Ғалым А.Айғабылов «Қазақ тілінің лексикологиясы» атты еңбегінде: «Ғылым мен техника, ауыл шаруашылық т.б. өндіріске байланысты ұғымдардың атауы терминдер деп аталады» – дейді [1]. Термин сөздердің қолданылу аясы шектеулі. Әр кәсіп, шаруашылық, ғылым саласында қызмет етушілердің арасында қолданылатын сөздер. Қоғамдық өмірдің әр саласында арнаулы мәнде жұмсалатын термин сөздердің өзіне тән ерекше белгілері бар. Термин сөздер тек дара мағынада жұмсалып, бір ғана ұғымды білдіреді. Көп мағыналы болу жат. Эмоционалды бояу мен экспрессивтілік ұшыраспайды [2; 149]. Осы ұстанымдар сақталғанда, термин сөз түзіледі. Тіліміздегі термин сөздердің осындай ерекшелігін ескере келіп, Б.Сағындықұлы мен Б.Р. Құлжанова мынадай талаптарды ұсынады:

1. Термин сөздер нақты болуы керек. Термин сөздер арқылы ғылыми ұғым білдіріледі. Ал ғылыми ұғым қашан да өзінің анықтылығымен, нақтылығымен ерекшеленеді.

2. Термин сөздер қысқа болуы керек. Ойды дәл жеткізіп, оның қысқалығы есте сақтау үшін де маңызды болмақ. Терминдер жүйелі болуы керек [2; 150].

Ескерткіш тілінде кездесетін термин сөздердің өзіне тән ерекше белгілері бар. Қазіргі қазақ тіліндегідей тек дара мағынада жұмсалып, бір ғана ұғымды білдіреді. Сондай-ақ, экспрессивті қызмет пен эмоционалды мағына ұшыраспайды. Осы ұстаным сақталғандықтан, екіұштылық туындамайды. Антоним, синоним құбылыстары

байқалмайды. Ескерткіш тіліндегі кейбір термин сөздерден омоним байқалғанымен, әртүрлі салаларда пайдаланғандықтан, омонимдістігі сезіле бермейді. Сыртқы пішіні ұқсағанымен, ұғымдары басқа болып келеді.

1. Ғалым Ө.Айтбаев термин сөздерді бір жағынан, терминологиялық жүйенің, екінші жағынан, жалпы тіл жүйесінің элементі ретінде қызмет ететінін ескертеді. Осы себепті де екі жүйеге де «тастай батып, судай сіңуі керек» деп есептейді [3]. Ал ғалым Қ.Б.Сарбасова терминге тән басты белгілерді былай анықтайды:

1. Күнделікті өмірде кездесетін жалпылама қолданыла беретін сөздер түрлі мағыналарда жұмсалып, көп мағыналы болып келсе, терминдердің басым көпшілігі дара мағынада жұмсалады. Демек, дара мағыналы болу – терминге тән басты қасиет.

2. Термин сөздер ғылымның белгілі бір саласына түпкілікті қызмет етеді. Термин сөздер өзгеріске сирек ұшырайды.

3. Терминдерде көпмағыналылық пен синонимдік қатарлар және жай сөздің табиғатына тән кейбір грамматикалық ауыстырулар болмайды.

4. Терминдерде экспрессивті-эмоционалды реңк болмайды [5; 67].

Осындай ерекшеліктеріне сүйене отырып, ғалым Б.Р.Құлжанова термин болатын сөздерге мынадай талап қояды:

5. Термин дәл болуы тиіс. Термин арқылы ғылыми ұғым білдіріледі. Ол анықтылығымен, дәлділігімен, нақтылығымен ерекшеленеді.

6. Термин болатын сөз қысқа болуы керек. Терминнің қысқалығы оны есте сақтауымен де, уақыт үнемдеу үшін де қажет.

7. Термин болатын сөздер жүйелі болуы тиіс. Демек, термин болатын сөздерді іріктеп, жан-жақты талдау керек деген сөз [5; 18]. Термин бір жағынан, терминологиялық жүйенің, екінші жағынан, жалпы тіл жүйесінің элементі ретінде қызмет етеді. «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тілінде кездесетін термин сөздерді жоғарыдағы пікірлерге сүйене отырып, мынадай топтарға бөлдік:

Физиологиялық терминдер: *өпке* /өпке/ (108) – өкпе, *тіл* /тіл/ (112) – тіл, *ауқа* /ауқа/ (93) – арқа, *elik* /елік/ (94) – қол, *auč* /ауч/ (97) – алақан, *sač* /сач/ (98) – шаш, *aqzi* /ақзы/ (99) – аузы, *teri* /тері/ (104) – тері, *tiš* /тиш/ (105) – тіс, *burunluq* /бурун/ (103) – мұрын, *teri* /тері/ (104) – тері, *yağrın* /йағрын/ (138) – жауырын.

Әскери терминдер: *süngü* /сүнгү/ (109) – найза, *qılıč* /қылыч/ (104) – қылыш.

Психологиялық терминдер: қорқыныш, *qayıu* /қайғу/ (94) – қайғы, *sabir* /сабыр/ (102) – сабыр, *mekr* /мекр/ (105) – қулық, *acıy* /ачығ/ (108) – ашу.

Діни терминдер: *namaz* /намаз/ (122) – намаз, *mesjid* /месжид/ (96) – мешіт, *quran* /құран/ (98) – құран, *ruze* /рузе/ (99) – ораза, *tengri* /теңри/ (102) – Тәңірі, *čadur* /чадур/ (129) – кебін, *namaz* /намаз/ (130) – намаз т.б.

Тілімізде термин сөздер бірнеше жолмен жасалады. Олардың ішінде ең өнімділерінің бірі – семантикалық тәсіл. Қазақ тілінің байырғы сөздері мен ертеде енген араб-парсы сөздері арнайы жаңа терминологиялық мәнде жұмсалады.

Морфологиялық тәсіл – терминнің дәл болуы түбір мен қосымшаның үйлесуіне тікелей байланысты. Термин жасауда жиі пайдаланылатын қосымшалар:

- **шы, -ші:** *paḡsači* /пахсачы/ (110) – ұста, шебер, *bitikči* /битикчи/ (118) – хатшы, *satquči* /сатқучы/ (121) – сатушы, *tınquči* /тыңқучы/ (102) – демалушы, *čayırči* /чағырчы/ (121) – шарап жасаушы, *bözči* /бөзчі/ (124) – тоқушы, *kağazcı* /қағазчы/ (131) – қағаз жасаушы, *yağır qılıuči* /йағыр қылғучы/ (139) – ер-тоқым жасаушы, *ipči* /ипчи/ (142) – жіп өруші т.б.

- **лық/ - лік:** qullıq /куллук/ (122) – құлшылық, aqlıq /ақлық/ (130) – ақтық, ašlıq /ашлық/ (135) – астық, qalınlıq /қалынлық/ (140) – қалыңдық, **tiriklik** /тириклик/ (101) – тірлік т.б.

- **ым, ім:** üzüm /үзүм/ (120) – жүзім, adım /адым/ (134) – адым, 'ım /илм/ (138) – білім.

Ескерткіш тілінде термин сөздердің басым бөлігі дін істері, ғылым мен білімге қатысты. Ескерткіш тілінде жалпыхалықтық тілдің терминденуі де кездеседі. Жұрнақ жалғану арқылы жаңа сөздің туындауынан белгілі бір терминдік атау жасалынады.

Термин сөздердің едәуір бөлігі кірме сөздерден жасалады. Ескерткіш тілінде араб-парсы тілінен енген термин сөздер бар. Кірме сөздер термин жасауда актив қызмет атқарады. Кірме сөздер тез бейімделу үшін бірнеше шарттар іске асқан. Кірме сөздердің дауысталуын тек түркі тілдерінің әліпбиіне бейімдеген. Басқаша айтқанда, кірме сөздер терминделу процесінде тіліміздің үйлесімдік заңын бұлжытпай орындаған. Кірме сөздер – тілдің өзіне тән сөзжасамдық тәсілмен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған не олардан енген сөздер [6; 201]. Тіліміздегі терминдер тізбегі жайлы ғалым Ш.Құрманбайұлы: «Жалпы, кез келген тілдің терминологиялық лексикасының түзілуіне негіз болатын екі көз бар. Оның бірі – ұлттық тіл де, екіншісі – өзге халықтардың тілдері. Алғашқысы – терминжасамның ішкі көзі, ал кейінгісі – сыртқы көзі деп аталады» [7].

Басқа тілден енген сөздер уақыт өте келе әбден кірігіп, фонетикалық, грамматикалық және семантикалық жақтан игеріліп, сіңісіп кетеді [6; 208]. Ескерткіш тілінде араб тілінен енген кірме сөздер көп кездеседі. Бұл сөздер қай салада болсын термин жасауда үлкен қызмет атқарып келді. «Мукаддимат әл-Адаб» лексикасының едәуір бөлігін күнделікті өмірде жұмсалатын этнографиялық атаулар құраса, араб тілінен енген сөздер барлық сала бойынша енген. Термин сөздер арқылы да сөздік құрам үнемі толығып, дамып отырады. Оның бірден бірі жолы кірме сөздердің терминденуі.

Дінге байланысты енген сөздер: намаз /намаз/ (122) – намаз, dua /дуа/ (100) – дұға, уса /уча/ (106) – кәпір, šefa'at /шефаат/ (105) – шапағат, ziyaret /зиарет/ (106) – зиарат.

Кісінің лауазымына, әлеуметтік жағдайына және кәсібіне байланысты термин сөздер: altanči /алтанчы/ (100) – алтын шебері, wezir /везір/ (102) – уәзір, čerik begi /черік бегі/ (132) – әскербасы, wekil /векіл/ (143) – уәкіл.

Ғылыми-ағартушылық мәндегі: kitab /кітаб/ (139) – кітап, delil /деліл/ (95) – дәлел.

Адамның мінез-құлқына, жақсы қасиеттеріне байланысты сөздер: adaplıq /адаплық/ (94) – әдептілік, bereket /берекет/ (117) – береке.

Мезгіл мен уақытқа байланысты сөздер: waqt /вақт/ (130) – мұндай, yıl /йыл/ (120) – жыл т.б.

Парсы сөздері ескерткіш тілінде діни ұғымдардан гөрі тұрмыс-тіршілікке, саудасаттыққа, өнер мен әдебиетке байланысты жиі енген. Сондай-ақ, аң, құс, бау-бақша, жеміс-жидек, өсімдік, үй тұрмысы және асыл тас атаулары енген [8].

Парсы тілінен енген кірме сөздерді мынадай терминдік атауларға ажыратуға болады:

Дін ісіне байланысты термин сөздер араб тіліне қарағанда әлдеқайда аз: guze /рузе/ (99) – ораза, ferište /фериште/ (100) – періште т.б.

Адамның белгілі бір кәсібіне, лауазымына байланысты сөздер: paḡsači /пахсачы/ (110) – ұста, шебер, bahadur /баһадур/ (115) – батыр т.б.

Зерттеу нысанымызға алынған қолжазба тілінде сөздердің терминдену үдерісі ұдайы болатыны белгілі. Ескерткіш тілінің термин сөздері лексика-семантикалық, морфологиялық т.б. жолдармен жасалған. Орта ғасырларда пайда болған кейбір терминдердің қазіргі тілімізде қолданылу белсенділігі артып, мағыналық жағынан

дамығандығын байқадық. Демек, тіліміздегі сөздердің жаңғырып, жаңаша мәнге ие болып, түлеуі оның ақпараттық кеңістігіндегі мағыналық мүмкіндікті тануға жол ашады. Қолданыстағы сөздердің мағыналық ерекшеліктері неғұрлым анықталған сайын қолданылу аясы да кеңейе түспек. Ғалым А.Байтұрсынұлы тілдің ішкі мағыналық мүмкіндігін пайдалану жайлы айтқанда, осы туралы ескерсе керек-ті.

Қорытынды. Қолжазба тілінің лексикасы термин сөздерге бай. Ескерткіш тілінде кездесетін әрбір термин сөз түркі тілдеріне ортақ сөздер мен кірме элементтерден тұрады. Кейбір арнаулы лексика элементтері фонетикалық өзгеріске ұшырағанмен, лексикалық мағыналарын сақтап қалған. Яғни, қазіргі қазақ тіліндегі мағынасынан айырмашылығы жоқ. Қолжазба тілінің арнаулы лексикасын кешенді зерттеу жүргізу алдағы уақыттың еншісінде. Лингвистикалық зерттеу жүргізу сөздіктің тілдік, тарихи тұрғыдан маңызын арттыра түспек.

Жазба ескерткіш материалдарын тіліміздің сөздік қорымен не туыстас тілдердің сөздік құрамымен салыстыру мен салғастырудың негізгі мақсаты туыстық және туыстық емес тілдер мен жазбаша ескерткіштердің арақатынасын анықтауға жол ашады. Бұл тілдердің туыстық немесе жақындық тұрғысынан нақты деректерге негізделген сипаттамалары бола алады.

Зерттеу нысанымызға алынған «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігінің этимологиясы тереңнен бастау алады. Сөздік тілінің маңызды лексикалық қабатының бірі термин сөздердің жасалу жолы мен қолданылу аясы талқыланды. Ескерткіш тілінде кездесетін термин сөздер ғылым мен техниканың, экономика мен әлеуметтік жағдайдан хабар береді. Кірме сөздерден жасалған термин сөздердің жасалу ерекшелігі, қолданылу сипаты нақтыланды. Сондай-ақ түркі тіліне ортақ сөздердің қазіргі төл сөздеріміздің негізі болып табылатынына куә болдық.

Қорыта айтқанда, ескерткіш тілінде кездесетін термин сөздер әлі күнге дейін өз мәнін жоймаған. Терминдер бір ғана мағынада жұмсалатын сөздер. Экспрессивтілік пен эмоционалдылық жат. Көпмағыналылық пен синонимдік те кездеспейді.

Ескерткіш тілінде кездесетін термин сөздер морфологиялық, лексикалық жолдармен жасалады. Ескерткіш тілінде термин сөздер ғылым мен білім саласында жиі қолданылғанын байқай алдық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Айғабылов, А. Қазақ тілінің лексикологиясы [Текст] / А. Айғабылов. – Алматы : Кітап, 2012. – 200 б.
- 2 Сағындықұлы, Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология : оқу құралы [Текст] / Б. Сағындықұлы, Б. Р. Құлжанова. – Алматы : Қазақ университеті, 2018. – 190 б.
- 3 Айтбаев, Ө. Қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуы [Текст] / Ө. Айтбаев. – Алматы : Кітап, 1988. – С. 12–13.
- 4 Сарбасова, Қ. Б. Қазіргі қазақ тілі (лексикология және фразеология): оқу құралы [Текст] / Қ. Б. Сарбасова. – Алматы : Дәуір, 2012. – 200 б.
- 5 Құлжанова, Б. Р. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология : оқу құралы [Текст] / Б. Р. Құлжанова. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 41 б.
- 6 Аханов, К. Тіл білімінің негіздері [Текст] / К. Аханов. – Алматы : Кітап, 2002. – 664 б.
- 7 Құрманбайұлы, Ш. Лексикология [Текст] / Ш. Құрманбайұлы. – Алматы : Дәуір, 2015. – 234 б.
- 8 Қалиев, Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы : оқулық [Текст] / Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаев. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2006. – 258 б.

REFERENCES

- 1 Aıǵabylov A. Qazaq tiliniń leksikologiasy [Lexicology of the Kazakh language]. Almaty: Kitap, (2012): 200 b. – (In Kaz)
- 2 Saǵyndyquly B., B.R.Quljanova. Qazirgi qazaq tili. Leksikologia [Modern Kazakh language. Lexicology] Oqý quraly. Almaty: Qazaq ýniversiteti, (2018): 190 b. – (In Kaz)
- 3 Aıtbaev Ó. Qazaq terminologiasynyń qalyptasýy men damýy [Formation and development of Kazakh terminology]. Almaty: Kitap, (1988): 12-13 bb. – (In Kaz)
- 4 Sarbasova Q.B. Qazirgi qazaq tili (leksikologia jáne frazeologia) [Modern Kazakh language (lexicology and phraseology)]. Oqý quraly. Almaty: JSHS RPBK «Dáýir», (2012): 200 b. – (In Kaz)
- 5 Quljanova B.R. Qazirgi qazaq tili. Leksikologia [Modern Kazakh language. Lexicology]. Oqý quraly. Almaty: Qazaq ýniversiteti, (2020): 41 b. – (In Kaz)
- 6 Akhanov K. Til biliminiń negizderi [Fundamentals of linguistics]. Almaty: Kitap, (2002): 664 b. – (In Kaz)
- 7 Qurmanbauly Sh. Leksikologia [Lexicology]. Almaty: Dáýir, (2015): 234 b.
- 8 Qaliev Ğ., Bolǵanbaev Á. Qazirgi qazaq tiliniń leksikologiasy men frazeologiasy [Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language]. Oqýlyq. Almaty: Sózdik-slovar, (2006): 258 b. – (In Kaz)